


Қазығұрт аудандық білім бөлімі
«Балдырған» бөбекжай балабақшасы

Ертеңгілік

Тақырыбы «Анаға құрмет»



Тәрбиешілер: Имадуллаева Айгул

Байсоппева Лаура

2023жыл

«Анаға құрмет»

Жүргізуші: Құрметті ата аналар әжелер! 8наурыз аналар мерекесіне арналған «Анаға құрмет!» атты ертеңгілікке жиналып отырмыз. «Еркетай» тобының балаларымен өткізлетін мерекемізге қош келдіңіздер.

Ақ тілекті ағытып біз тастайық

Аналардың мерекесін біз бастайық.

Көрем шаттық арайын

Өтсін әрбір күнің әр айың.

-Ардақты аналар мерекелеріңіз құтты болсын.Отбасыларыңызға құт береке бірлік дендеріңізге саулық тілейміз! Балаларды қошеметпен ортаға шақырайық. Балалардың орындауында ән:

“Құттықтаймын ана туылған күніңмен”

Балалардың аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Айшанұр:

Сыйлаймын мен әнімді

Сізге арнап жаттаған

Мейрамыңыз бүгінгі

Құтты болсын ақ анам

Б Нұрали:

Анашымды сағынам

Оған ешкім жетпейді

Анасының жанынан,

Бөбегіде кетпейді

Г Алинұр:

Мерекені қарсы алып

Мәз боламыз барша жұрт

Гүл ұстатып қыздарға

Береміз біз ән салып

Б.Фатима:

Бәрімізге анасын

Біз үшін күн болып жанасын

Құтты куолсын мейрамын

Аман сау болшы анашым

А.Хантөре:

Көктем келді балалар

Жердің беті жанарар

Ақ сүт беріп өсірген

Аман болшы аналар

М.Асылым:

Анам менін өмірдегі тірегім

Анам менін кеудемдегі жүрегім

Жүргізуші: Балалар қар еріп,құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда.
Адамдарға қуаныш сыйлайтын сикыршы көктем.Олай болса көктем ханшасын
шақырайық.

Көктем ханшасы: Сәлеметсіңдерме балалар, ата – аналар сендердің көктем
мерекесін тойлап жатқандарыңды есітіп сонау алыстан келе жатырмын.
Барлығыңды көктем мерекесімен құттықтаймын.

Жүргізуші: Көктем ханшасы біздің қыздарымыздың “Қызғалдақ” биін
тамашалайық.

Тансамал, Мейірім,Айшанұр,Асылым,Сабина.

Жүргізуші: Көктем ханшасы біздің балаларымыздың өнерін бірге
тамашалайық.

Балалар сендер аналарыңның, әкелеріңнің анасы бар екенін білесіңдерме ол
сендерге әже болады.Бүлдіршіңдердің әже, ана туралы хабыл алыңыздар.

Аяулым: Той, мереке, салтанат.
Думандатып шар тарап.
Келді, міне Жаңа жыл.
Тартуларын арқалап.

Қоян. Раяна:

-О-о-о, мына жерге қонақтар келіп қалыпты, ал
мен болсам қасқырдан қашам деп жүріп қонақтарды
қарсы алуды ұмытып кетіппін-ау. Құрметті қонақтар,
мерекеге қош келіпсіздер!

Қасқыр: Нұрғалым: -Қап бәлем ұсталдың ба? Енді сені жеймін.
(Қасқыр енді қоянға бас салып желісі келіп жатқанда ортаға қорбандап аю келеді.)

Аю: Айбар: - Қасқыр сен мұнда не істегелі жатырсың?

Қоян. Раяна: - Аю тезірек мені құтқаршы, көмектесші.

Аю: Айбар: -Қәне жібер қоянды.

(аюдың дауысынан қорқып қасқыр жөнеледі)

Қоян. Раяна: -Аю саған көп-көп рахмет. Мені қасқырдан құтқарып
алдың.

-Аяз атаны күте-күте шаршадым. Бір-бірімізді қуып,
тығылмақ ойынын ойнайықшы.

Аю: Айбар: /аю үндемейді/

Қоян. Раяна: -Аю ойнайықшы.

Аю: Айбар: (Тағыда үндемейді)

Қоян. Раяна: - Аю естимісің жауап бер. Не ойлап отырсың?

Аю: Айбар: -Не ойлап отыр дейсің ғой, онда тыңда. Қазір Аяз ата келеді,
бәрімізге сыйлық береді. Ал оған кім сыйлық береді?

Қоян. Раяна: -Оның дұрыс. Аю ойланып көрейікші. Мүмкін, бір нәрсе
ойлап табармыз. /ойланады/ Мүмкін өзі тәтті, өзі
дәмді тағам сыйлармыз!

Аю: Айбар: -Ия, тәтті тағам сыйлауымыз керек. Бірақ, ол не нәрсе? Біз
оны білмейміз. /тағы ойланады/

(Екеуі бір-біріне) Таптым, таптым! - дейді.

Қоян. Раяна: - Мен сәбіз сыйлаймын. Ол өте дәмді, әрі қарның тояды.

Аю: Айбар: - Балдан арттық тәтті жоқ, мен соны сыйлаймын.

Жүргізуші: -Қоян. Аю сендер таласпаңдар, Біздің Аяз ағамыз
сыйлықсыз емес, балалар оларға арнап өз өнерлерін
көрсетеді.

Қоян. Раяна: -Жарайды, онда біз орманға кеттік.

Жүргізуші: Бізбен бірге ертеңгілігімізді тамашаландар.

Аю: Айбар: - Жоқ, рахмет. Бізді орманда балаларымыз күтіп отыр. Мына
сыйлығымызды оларға жеткізейік.

Қоян. Раяна: -Жаңа жылды жақсы қарсы алыңыздар, сау болыңыздар.

С.Нұрали:

Әжелерді құттықтап,
Ән арнайтын күн бүгін.

Ә.Күдірет:

Шәй ішетін қоюлап,
Жақсы көрем әжемді.

Ә. Аңсар:

Сырмақ сырған оюлап,
Жақсы көрем әжемді.

3. Нұрым:

Ақ әжемді әркашан,
Сыйлап жақсы көремін.

Таңсамал:

Аяулы анашым ардағым,
Жанымда жүрші әрдайым.
Құлпырып гүлдей жайнай бер,
Әнімді мен саған арнаймын.

Б. Мейірім:

Анашым асылым,
Аяулы ғасырым.
Сен жоқта мұнайып,
Бар болсаң тасыдым.

Жүргізуші: Ал ендігі кезекте әжелердің көрінісін тамашалаймыз.

Үйреткен сөз мәнін,
Тілейміз біз әже.
Жарқырайды әрдайым,

Күніміз сіз әже – дей отырып әжелерімізді ортаға шақырамыз.

Анар әже, Лола әже, Гаухар әже.

Жүргізуші: Ұлдарымыздың қыздарға арнаған

биін тамашалаймыз.

Ж. Али, Арсен, Дарын, Бексұлтан, Қ. Али, Жантөре, Ансар, Хантөре, Нұрым.

Жүргізуші: Балаларымыздың аналар туралы тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Нығмет Айлин:

Жүзімізге қараңыз,

Бал күлкүлі баламыз.

Бізге қымбат күншуақ,

Бізге қымбат Анамыз.

Ж. Али:

Қуанамыз сыйлаймыз,

Қуаныштың мың гүлін.

Р. Сабина:

Үн қатасың бал тілмен,

Еркелеймін әр күнмен.

Құттықтаймын анашым,

Сегізінші наурызбен.

Жүргізуші: Қыздарымыздың “Қуыршақ” биін тамашалаңыздар.

Фатима, Айзере, Айша, Н.Айлин, Айназ, Айлин.

Жүргізуші: Ата-аналармен ойын: “Жылы сөздер”

Ойынның шарты: Аналар берілген әріптерден басталатын жылы сөздер айтылады.

Балалардың тақпақтарын жалғастырамыз, қабыл алыңыздар

І. Жантөре:

Жанымызды жайнатқан,

Сіздерсіз ғой аналар.

Зор денсаулық зор бақыт,

Тілейміз біз балалар.

Б. Нұрбақыт:

Ақ анашым, анашым

Еркелетіп аласың.

Қ. Димаш:

Менің анам аппәк,

Кәмпіт берсе тәтті ақ.

Күні бойы тынбастан,

Үйретеді тақпақ

Н .Айлин:

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Балаларды қуантып

Ұзақ өмір сүріңіз

Ф.Айша:

Жақсы көрем күлкінді

Айналайын ақ анам

Менің анам сүйкімді

Бәріненде жақсы адам

Қ.Айзере:

Менің анам ақылды

Тарап берді шашымды

Гүлді-гүлді әдемі

Көйлек сатып әперді

Қ.Али:

Өмірге бізді келтірген

Жарық дүние силаған

Жамандыққа баласын

Ешқашанда қимаған

Бексұлтан:

Анасыз батырда жоқ, ақында жоқ

Өмірдің алтын кілті сенде ғана

М.Арсен:

Қуанышы ананың

Қуанышы баланың

Айназ:

Анашым анам

Ризамын саған

Тілінді алам

Ақылды болам

Дарын:

Айналайын анашым

Аялайсың бағасын

Жүргізуші: “Ана мен бала” биін тамашалаңыздар

Қ.Димаш,Ғ.Алинұр,Ә.Күдірет,Б.Нұрбақыт

Жүргізуші: Енді біздің балаларымыздың “Шалқан” ертегі көрінісін қабыл алыңыздар!

Кемпір-

Күшік-


Шал-

Мысық-

Қыз-

Тышқан-

Жүргізуші: Осымен бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Біздің балапандарымыздың силығын қабыл алыңыздар. Келгендеріңізге рахмет сау болыңыздар!



24.02.23ж.



